

Сатылова Айғаным Елубаевна
Алматы қаласы химия-биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің ассистенті

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНІҢ РӨЛІ

АННОТАЦИЯ

Заманауи мектептің маңызды міндеттерінің бірі – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Мақалада функционалдық сауаттылықты қалыптастырудағы қазақ тілінің рөлі мен қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылықты дамытуға арналған түрлі әдіс-тәсілдер қарастырылады. Жаңашыл әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану пәндік құзыреттілікті дамытуға қызмет етіп, соның негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, кіріктірілген бағдарлама, жаңа әдіс-тәсілдер, пәндік құзыреттілік, бейімделу, сабақ түрі.

АННОТАЦИЯ

Одна из важнейших задач современной школы – формирование функциональной грамотности обучающихся. В статье рассматривается важная роль казахского языка при формировании функциональной грамотности и различные типы методов и приемов, направленных на развитие функциональной грамотности на уроках казахского языка. Эффективное применение новых методов и приемов служит для развития предметной компетенции, и на их основе формируется функциональная грамотность учащихся.

Ключевые слова: функциональная грамотность, интегрированная программа, новые приемы и методы, предметные компетенции, адаптация, вид урока.

ABSTRACT

One of the most important tasks of the modern school - the formation of functional literacy of students. The article deals with the important role of the Kazakh language in the formation of functional literacy and the different types of methods and techniques aimed at the development of functional literacy on the lessons of the Kazakh language. Effective application of new methods and techniques leads to for the development of the subject competencies and on the basis of the functional literacy of students.

Keywords: functional literacy, integrated program, new tools and techniques, subject specific competences, adaptation, type of lesson.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысында «Оқыту нысаны мен әдістерін жаңарту елдегі жалпы білім беретін мектептерге Назарбаев Зияткерлік мектептерінің (НЗМ) тәжірибесін тарату және баланың оқуға қызығушылығын тудыратын қазіргі заманғы білім беру технологияларын пайдалану есебінен қамтамасыз етіледі»[1, 3], - деп атап көрсеткендей, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің басты міндеттерінің бірі - оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытып, алған білімін өмірде қолдана алатын шығармашыл, кәсіби жолын таңдай алуға қабілетті, дұрыс шешім қабылдауға бейім зияткер тұлға тәрбиелеу. Бұл мектептердегі кіріктірілген бағдарламаның басты мақсаты да оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, басқарушылық, ақпараттық, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық, азаматтық, технологиялық құзыреттіліктерге ие тұлға даярлау арқылы еліміздің білім беру сапасын алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосу. Осы мақсатқа жетуде, қойылған міндеттерді орындауда әрбір пәннің өзіндік рөлі ерекше. Қазақ тілі пәнін төрт дағдыны басшылыққа алып оқыту арқылы оқушыны ауызша да, жазбаша да жоғары деңгейде қарым-қатынас жасай алуға үйретіп, әлеуметтік ортаға бейім, кез-келген тақырыпта ойын еркін жеткізе алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өмір бойы білім алуға қабілетті, патриот тұлға қалыптастыру. Пән мұғалімдері оқушыға жаттанды білім бергеннен гөрі алған білімін өмірдің кез-келген саласында тиімді пайдалануға бейімдеуді көздеп, тілді жоғары деңгейде

меңгертуге арналған әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Яғни тұлға қалыптастыруда заманауи мектептердің үлесі орасан зор.

Функционалдық сауаттылық ұғымын мектеп бітіруші түлекке қатысты алсақ, ол оқушының алған білімін, білігі мен дағдысын барлық салада, барлық жағдайда тиісінше пайдалана алумен қатар өз білімін үнемі жетілдіріп, заман ағымына ілесіп отыруы. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы» әдістемелік құралында «функционалдық сауаттылыққа оқу және жазудағы сауаттылық, жаратылыстану ғылымдарындағы сауаттылық, математикалық сауаттылық, компьютерлік сауаттылық, отбасылық өмір мәселелеріндегі сауаттылық, отбасы мәселесіндегі сауаттылық, заң сауаттылығын» [2, 25] жатқызады. Халықаралық PISA, TIMSS мониторинг зерттеулеріндегі оқушылардың білім, білік дағдысының көрсеткіші осы функционалды сауаттылықтан көрініс табады.

Кіріктірілген бағдарлама негізінде қазақ тілін функционалдық бағытта оқыту жаңашыл үлгідегі әдіс-тәсілдерді, оқыту формаларын, оқыту технологияларын, оқушы білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формаларын талап етеді. Қазақ тілінің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, оны еркін, сауатты қолдануға дағдыландыру керек. Оқушының қазақ тілінен меңгерген теориялық және практикалық білімі коммуникативтік, тұрмыстық, ақпараттық, тілді білу, саяси, экономикалық, қоғамдық сауаттылық кезінде көрініс береді. Оқушыларға сөйлесім әрекетінің түрлерін, яғни оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын меңгертуде көптеген жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдаланған орынды. Соған сәйкес сабақты дәстүрлі емес формада ұйымдастырған тиімді. Атап айтсақ, жарыс сабақ, аукцион сабағы, пресс-конференция сабағы, театрландырылған сабақ, іскери ойындар сабағы, сынақ сабақ, шығармашылық сабағы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға негіз болады.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде оқу мен оқытуда жаңашыл әдіс-тәсілдер тиімді қолданылады. Диалогтік оқыту мен «Қалай оқу керектігін үйрету» тәсілдері заманауи мектептердің зияткер тұлға қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын терең меңгертуге септігін тигізеді. «Диалог негізінде оқыту мен оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін меңзейді. «Қалай оқу керектігін үйрету» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді» [3, 12].

Сонымен қатар функционалдық сауаттылықты дамытуда келесі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оқушылардың коммуникативті дағдысын дамытады:

- «Ыстық орындық»
- «Уақыт шеңбері»
- «Еркін талқылау»
- «Кемпірқосақ топтары»
- «Айналмалы бекет»
- «Қар кесегі»
- «Жұптық әңгіме»
- «Ойлан – Жұптас – Бөліс»
- «Тыңдап отырған үштік»
- «Радиоға қоңырау шалу»
- «Ара қашықтық»
- «Джигсо»
- «Құндылықтар спектрі»
- «Балалар философиясы»
- «Аквариум»

- «Стоп-кадр»
- «Ақылдың алты қалпағы»
- «PILA» кестесі
- «ТВ Шоу»
- «Сұрақтар шеңбері»
- «Стикердегі диалог»
- «Өкілдер»
- «3 қадамдық сұхбат»
- «Блум түймедағы».

Мысалы, FІLA кестесінің толтырылуына тоқталсақ, Facts (деректер) бөліміне мәселенің деректері жазылады. Ideas (идеялар) бөліміне деректер бөліміндегі жағдаяттың пайда болуына себеп болады-ау деген идеялар жазылады. Learning issues (сұрақтар) бөліміне Ideas-тағы идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін сұрақтар жазылады. Action plan (іс-әрекет жоспары) бөліміне мәселені шешетін нақты жоспар жазылады. Әрекет идея мен сұрақтарға сәйкес болу шарт. Мәтін талдаудағы мұндай тәсілдер оқушыларды түрлі жағдаятта шешім табу білуге үйретеді. Пәнді оқытуда оқушыларға ақпараттық технологияларды, алған білімдерін әлеуметтік ортада еркін қолданып, білімдерін жетілдіруге баулумен қатар, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, халқымыздың мәдениетін, салт-дәстүрін, тарихын құрметтеуге үйретуді басты назарда ұстауымыз керек.

«Қазақ тілін оқытуда келесі міндеттерді басшылыққа алу керек:

- 1) қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі қызметін ұғындыру және меңгерту.
- 2) қазақ тілінің адамның сезімді білдіру қызметі ерекшелігін меңгерту.
- 3) қазақ тілінің танымдық қызметін меңгерту.
- 4) қазақ тілінің адам ойын білдіру қызметін меңгерту.
- 5) қазақ тілінің кумулятивтік, яғни қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жинақтаушы қызметін меңгерту» [4, 10].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын меңгертуде қосымша сабақтар мен үйірмелердің, ғылыми-зерттеушілік бағыттағы жұмыстардың атқаратын қызметі ерекше. Бұл оқушылардың зерттеу жұмыстарына, шығармашылыққа деген талпыныстарын арттырып, ізденушілік дағдыларын қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, қазақ тілін терең меңгеріп, әдебиетіміздің аса бай асыл мұрасына сусындаған ұрпақ ел ертеңінің болашағы.Өзіндік ой-пікірі, дүниетанымы, ұстанымы, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан,бәсекеге қабілетті, мәдени ұлттық тұлға президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауы негізінде құрылған Ұлттық жоспардың жүзеге асуының кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда 12 жылдық білім беру мазмұнының кіріктірілуі мен сабақтастығы. Әдістемелік құрал. - Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 41 б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. – 306 б.
4. 12 жылдық мектеп оқушыларының қазақ тілінен функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 42 б.